ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
**«БАЛҚАШ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»**
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
**« ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА БАЛХАШ»**
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2023 жылы 15 желтоқсан
Балқаш қаласы

№ 627
город Балхаш

**Оқу үрдісін тоқтату туралы**

«Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 42 бұйрығы (03.07.2023 № 194 бұйрығымен және «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 3 карашадағы №547 бұйрығын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 15 желтоқсанында ауа райының қолайсыздығына байланысты бірінші ауысымдағы мектепалды сыныптары мен 1-4-сынып оқушылары үшін сабақтар қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылсын.
2. Сабақтың қашықтықтан өтетіні туралы бұйрық шығарылсын және оны білім беру ұйымының ресми сайты мен ақпараттық стендтерге орналастырылсын.
3. Оқушылардың онлайн режимінде сабаққа қатысуы қатаң қадағалансын.
4. 15.12.2023ж мектеп асханасының бірінші ауысымдағы 1-4 сынып оқушыларының мемлекет тарапынан тегін тамақтандырылуы тоқтатылсын және электронды жүйеден алынсын.
5. Екінші ауысымдағы сабақтар қысқартылған штаттық режимде өткізілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Бөлім басшысы** **К.Дубирбекова**

*Орындаған Айнабекова Ж*